

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



ПОСТДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

Басылым	Әзірлеген	Келісілген
Екінші	Әбдіғапбарова Ұ.М. 	Бөрібаев Е.Ә. Нарбекова Б.М. Құлсариева А.Т. Баймолдаев Н.Т. Желдыбаева А.Ж.

Алматы, 2023

ПОСТДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Ереже «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) докторантурадан кейінгі бағдарламасына конкурстық іріктеуді өткізу тәртібін реттейді, постдокторантурадан өту мәртебесін, қағидаларын, постдокторанттардың жеке жұмыс жоспарларын бекіту тәртібін, бағдарламадан өтуге қойылатын талаптарды, қорытынды аттестаттау талаптарын, постдокторанттың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ Университетте қаржыландыру тәртібін айқындайды.

1.2. Постдокторлық бағдарламаның мақсаты Университеттің ғылыми-педагогикалық қызметінің деңгейін арттыру үшін жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау, Университеттің ғылыми мектептерін құру (сабақтастығын қамтамасыз ету), перспективалық ғылыми зерттеулер жүргізу үшін Университетке талантты жас ғалымдарды тарту және бекіту, жас зерттеушілердің үлесін арттыру болып табылады.

1.3. Постдокторлық бағдарлама келесідей қызметтерді қамтиды:

- постдокторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысы;
- аралық және қорытынды аттестаттау.

1.4. Постдокторантура бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін Университеттің құрылымдық бөлімшесі Ғылым департаменті болып табылады. Постдокторантура талаптарының орындалуын үйлестіруді және бақылауды зерттеу қызметі және инновациялар жөніндегі проректор, Ғылым департаменті және постдокторанттардың ғылыми кеңесшілері жүзеге асырады.

2. ПОСТДОКТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Постдокторлық бағдарламаға қабылдау және тіркеу тәртібі осы Ережеге сәйкес конкурстық тәртіпте жүзеге асырылады.

2.2. Постдокторлық бағдарламаға 40 жасқа дейінгі (қоса алғанда), ғылыми қызметпен, жаңа ғылыми бағыттарды дамытумен белсенді айналысатын Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жас ғалымдар қабылданады.

Іргелі және қолданбалы зерттеулердің басым бағыттары:

- педагогикалық ғылымдар;
- әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар;
- жаратылыстану ғылымдары;

2.3. Постдокторлық бағдарламаға үміткер мынадай кешенді талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/кандидаты) болуы (*шетелде алынған дипломдардың баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді*);

- Университет қызметінің бағытына сәйкес келетін ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызмет тәжірибесінің болуы;

- соңғы 5 (бес) ішінде Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Russian Science Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index Web of Science деректер қорының және (немесе) Scopus деректер базасында CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильден кем емес индекстелетін басылымдарда кемінде 2 (екі) мақаласының және (немесе) шолудың болуы;

- соңғы 5 (бес) ішінде ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК) ұсынған отандық ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақаласының болуы;

- Хирш индексінің (H-index) болуы.

Конкурсқа бұрын постдокторантура бағдарламасын аяқтаған және ҚР жоғары оқу орындарында постдокторантура стипендиаттары болып табылатын адамдар қатыса алмайды.

2.4. Постдокторантураға үміткерлер конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды Ғылым департаментіне тапсырулары керек:

- конкурсқа қатысу туралы өтініш (1-қосымша);

- жеке куәліктің көшірмесі;

- түйіндеме/ CV;

- PhD докторы дипломының көшірмесі;

- Постдокторантура кезеңіндегі үміткердің ғылыми зерттеулер жоспары (Research Proposal) *(басымдық педагогикалық және пәнаралық бағыттар бойынша ғылыми-зерттеулерге беріледі)*;

- ғылыми еңбектер мен өнертабыстары үшін берілген патенттер тізімі;

- үміткерлерге жоғарыда көрсетілген талаптарды растайтын құжаттары бар портфолио (жарияланымдардың бедерлері, Scopus және WoS базаларындағы жарияланымдардың дәйеккөздік көрсеткіші, сертификаттар мен патенттер, еңбек кітапшасының көшірмесі);

- 2 (екі) ұсыныс хат және/немесе алдыңғы жұмыс орындарынан 2 (екі) мінездеме;

- соңғы 5 (бес) жылдағы ғылым және білім саласындағы жетістіктерін растайтын құжаттар («Болашақ» стипендиясының иегері, Мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері, талантты жас ғалымдарға арналған ғылыми стипендияның иегері, «Үздік ғылыми қызметкер» атағының иегері, ҚР «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағының иегері, ҚР ҒЖБМ ғылыми жобаларына жетекшілік ету және қатысу, халықаралық ғылыми жобаларға жетекшілік ету және қатысу, ғылыми басшылық тәжірибесі және т.б.).

2.5. Үміткердің біліктілігін бағалау үшін Университет ректорының бұйрығымен Конкурслық комиссия құрылады. Конкурслық комиссия келесі қағидалар негізінде постдокторантураға үміткерлерді іріктеуді жүргізеді:

- үміткердің конкурс талаптарына сәйкестігі;

- ғылыми еңбектерінің жарияланымдық белсенділігі мен ғылыми мақалаларына сілтеме жасалу деңгейі;
- ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу дәрежесі;
- магистранттар мен докторанттарға жетекшілік жасау немесе қосымша жетекші болу тәжірибесі;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жеке жүргізе алу дәрежесі.

Егер Бағдарламаға іріктеу кезінде үміткерлердің нәтижелері тең болған жағдайда, басымдық осы Ереженің 2.2-тармағына сәйкес педагогикалық және пәнаралық бағыттар бойынша ең жоғары ғылымиметриялық көрсеткіштері бар журналдарда жарияланымдары бар үміткерлерге беріледі.

2.6. Постдокторантураға қабылдау Университет ректорының бұйрығымен конкурстық комиссияның оң шешімі негізінде жүзеге асырылады.

3. ПОСТДОКТОРАНТУРАДА ӨТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

3.1. Постдокторантура бағдарламасына қабылданған үміткер постдокторант мәртебесіне ие болады.

3.2. Постдокторантура бағдарламасын игеру ұзақтығы үш жылды құрайды.

3.3. Постдокторант ғылыми кеңесшінің басшылығымен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады. Ғылыми кеңесшілер постдокторантураға қабылданған сәттен бастап бір ай ішінде Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Ғылыми кеңесші келесідей минималды талаптарға сай болуы керек:

- қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағының және философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесінің немесе ғылыми дәрежесінің (ғылым докторы (кандидаты)) болуы.

- Университет қызметінің бағытына сәйкес келетін және кемінде он жылды құрайтын ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызмет тәжірибесінің болуы;

- соңғы 5 (бес) жылда Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Russian Science Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index Web of Science деректер қорының және (немесе) Scopus деректер базасында CiteScore бойынша 35 (отыз бес) перцентильден кем емес индекстелетін басылымдарда кемінде 2 (екі) мақаласының және (немесе) шолуларының болуы;

- жаратылыстану-ғылыми бейіндегі мамандықтар үшін Хирш индексінің кемінде 3 (үш) және әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі мамандықтар үшін кемінде 2 (екі) болуы;

- соңғы 5 (бес) жыл ішінде ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған отандық ғылыми басылымдарда кемінде 5 (бес) мақаласының болуы;

3.4. Ғылыми кеңесші постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасын әзірлеуге, бекітуге және сүйемелдеуге қатысады.

3.5. Постдокторантурадан өту мерзімі ғылыми-педагогикалық қызмет өтіліне есептеледі.

3.6. Постдокторантураның аяқталуының негізгі қағидасы постдокторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес орындалған ғылыми жарияланымдардың болуы болып табылады (4-ші бөлімді қараңыз).

3.7. Постдокторант Ғылым департаментіне жыл сайын растайтын құжаттарымен орындалған ғылыми-зерттеу жұмысы туралы жазбаша есеп беруге міндетті (2-қосымша).

4. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЛАРЫН БЕКІТУ

4.1. Постдокторанттар оқуға қабылданған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын (бұдан әрі – ПЖЖЖ) әзірлейді, ол мынадай бөлімдерді (3-қосымша) қамтиды:

- ғылыми бағыты бойынша барлық кезеңдегі қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы;
- бір немесе бірнеше ғылыми салалар бойынша Scopus (CiteScore бойынша кемінде 35 процентилі бар) және/немесе WoS (Q3-тен төмен емес квантили бар) базаларында индекстелетін халықаралық ғылыми журналдарда, рецензияланатын ғылыми басылымдарда ғылыми жарияланымдар (басымдық Education, Pedagogical science social science бағыттары бойынша жарияланымдар болып табылады);
- біліктілікті арттыру курстары;
- ҚР ҒЖБМ ғылыми жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурстарға жетекші және/немесе орындаушы ретінде қатысу;
- ғылыми және қоғамдық іс-шараларға қатысу;
- жұмыстың басқа түрлерін жүргізу.

4.2. Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары бойынша жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмысы:

- осы Ереженің 2.2-тармағындағы көрсетілген басым бағыттарға сәйкес келуі;
- зерттеу тақырыбының өзекті болуы, ғылыми жаңалықты және практикалық маңыздылықты қамтуы;
- отандық және шетелдік ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;
- компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу және түсіндіру үшін заманауи әдістер мен құралдарды қолдану.

4.3. ПЖЖЖ постдокторант және ғылыми кеңесші қол қояды.

4.4. ПЖЖЖ постдокторантурадан өтуге негіз болады. Қажет болған жағдайда ПЖЖЖ жыл сайын нақтылануы мүмкін.

4.5. Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары Ғылым департаментімен келісіледі және оны зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор бекітеді.

4.6. Постдокторанттардың ғылыми қызметіне мониторингті ұйымдастыру мақсатында ПЖЖЖ-ның бір данасы постдокторанттың жеке ісінде Ғылым департаментінде сақталады.

4.7. ПЖЖЖ-ның уақтылы жасалуына, бекітілуіне және толық орындалуына постдокторанттар мен ғылыми кеңесшілер жауапты болады. ПЖЖЖ-ның орындалуын үйлестіруді және бақылауды Ғылым департаменті жүзеге асырады.

5. ПОСТДОКТОРАНТУРАДАН ӨТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Постдокторант университеттің атауын көрсете отырып, халықаралық дәйексөздер базасына кіретін жетекші басылымдарда ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жыл сайын жариялауға міндетті. Жарияланымдар WoS базасына кіретін (Q3-тен кем емес) немесе Scopus базасында CiteScore бойынша бір немесе бірнеше ғылыми салалар бойынша (кемінде 35 (отыз бес) процентиі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда жылына кемінде 2 (екі) мақала болуы тиіс.

Егер постдокторант жетекші ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дан берілген ғылыми жобасын іске асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми кеңесінің оң шешімін алған жағдайда:

- жас ғалымдарға арналған ҚР ҒЖБМ қаржыландыратын 1 (бір) «Жас ғалым» жобасы WoS базасына кіретін (Q3-тен кем емес) немесе Scopus базасында CiteScore бойынша (кемінде 35 (отыз бес) процентиі бар рецензияланатын ғылыми басылымдардағы 1 (бір) мақаланы ауыстырады;

- ҚР ҒЖБМ гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыратын 1 (бір) ғылыми және(немесе) ғылыми-техникалық жобасы WoS базасына кіретін (Q3-тен кем емес) немесе Scopus базасында CiteScore бойынша (кемінде 35 (отыз бес) процентиі бар рецензияланатын ғылыми басылымдардағы 2 (екі) мақаланы ауыстырады

Постдокторантура кезеңінде «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ аффилияциясын ғылыми жарияланымдарда көрсету міндетті болып табылады.

5.2. Постдокторанттар зерттеу дағдыларын дамыту (академиялық жазу; диссертациялық жұмыстардың сапасын жақсарту; ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру жобаларының конкурстық құжаттамасын түсіндіру; халықаралық базаларда, соның ішінде Scopus пен WoS-та іздеу, іріктеу және жариялау жұмыстарын үйрету, ғылыми еңбектерді талдаудың соңғы әдістерін қолдану және т.б.) мақсатында Университеттің жас зерттеушілері үшін ғылыми-тәжірибелік семинарлар (бір оқу жылында кемінде 2 (екі)) өткізуі тиіс;

Ғылым және білім беру саласындағы байланыстарды нығайту мақсатында мектептердің, колледждердің және жоғары оқу орындарының жас зерттеушілеріне арналған 1 (бір) біліктілікті арттыру курсы өткізген жағдайда, онда жоғарыда аталған Университет оқытушылары мен студенттеріне арналған 2 (екі) ғылыми-практикалық семинарды ауыстырады.

5.3. Зерттеу Университетінің имиджін дамыту мақсатында постдокторант өзінің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін ай сайын әлеуметтік медиа ресурстарында жариялауы тиіс.

5.4. Постдокторант оқытушылық қызметпен айналысуға құқылы, бірақ көлемі 0,25 педагогикалық жүктемеден аспауы тиіс.

6. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫ АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

6.1. Постдокторанттарды *аралық аттестаттау* Университет Ректорының бұйрығымен бекітілген Постдокторантура бойынша аттестаттау комиссиясының жалпы отырысында постдокторантураға қабылданған кезден бастап әр жылдың соңында өткізіледі. Постдокторант аралық аттестаттау кезінде 1 (бір) жыл ішінде ПЖЖЖ-ның орындалуы туралы есеп береді. Постдокторанттың ПЖЖЖ-ның орындалуын бағалау нәтижелері негізінде Аттестаттау комиссиясы постдокторантты аттестаттау немесе аттестаттауға болмайды деген қорытынды туралы екі шешімнің бірін ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Аттестаттау комиссиясының оң шешімін алған кезде Университет Ректорының постдокторантура бағдарламасын жалғастыру туралы бұйрығы шығарылады.

6.2. Постдокторанттарды *қорытынды аттестаттау* Университет Ректорының бұйрығымен бекітілген Постдокторантура бойынша аттестаттау комиссиясының жалпы отырысында постдокторантураға қабылданған сәттен бастап үшінші жылдың соңында өткізіледі. Постдокторант аттестаттау кезінде постдокторантура бағдарламасының барлық кезеңі бойынша ПЖЖЖ-ның орындалуы туралы есеп береді. Постдокторанттың ПЖЖЖ орындауын бағалау нәтижелері негізінде Аттестаттау комиссиясы постдокторантты аттестаттау немесе аттестаттауға болмайды деген қорытынды туралы екі шешімнің бірін ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Аттестаттау комиссиясының оң шешімі қабылданғаннан кейін Университет Ректорының бұйрығымен постдокторантқа постдокторантура бағдарламасын аяқталғанын растайтын құжат беріледі.

7. ПОСТДОКТОРАНТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Университеттің постдокторанттарының ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңымен, «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ Жарғысы мен ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен айқындалатын құқықтары мен міндеттері бар.

7.2. Постдокторанттар қатысуға міндетті:

- Университеттің нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, сараптау және т.б.;
- Университеттің ғылыми іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге.

7.3. Постдокторант «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ аффилициясын ғылыми жарияланымдарда, іс-шараларда, әлеуметтік желілердегі және БАҚ-тағы посттарда көрсетуге міндетті.

7.4. Постдокторанттар бағдарлама аяқталғаннан кейін «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ-да жұмысқа орналасуға құқылы.

7.5. Постдокторант әртүрлі көздерден қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобаларын гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысуға құқылы.

7.6. Постдокторанттар Университеттің ғылыми жабдықтарын, зерттеуге арналған шығын материалдарын, кітапхананы, ақпараттық ресурстарды, ұйымдастыру техникасын пайдалануға құқылы.

7.7. Постдокторлық бағдарламаларды іске асыру үдерісінде туындайтын барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

7.8. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университетте белгіленген тәртіппен енгізіледі.

7.9. Постдокторанттардың осы Ережеде көзделмеген өзге де құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі.

8. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

8.1. Постдокторанттарға университеттің өз қаражаты есебінен бір оқу жылына 400 000 (төрт жүз мың) теңге мөлшерінде ай сайынғы стипендия төленеді.

8.2. Постдокторанттарға жыл сайын 30 (отыз) күнтізбелік күнге созылатын ақылы демалыс беріледі. Постдокторанттардың демалыс уақыты Университеттің ішкі құжаттарымен анықталады.

8.3. Постдокторант 5.1 және 5.2. тармақтарды орындамаған жағдайда, осы Ереженің негізінде, Аттестаттау комиссиясы постдокторантты оқудан шығару және оны даярлауға жұмсаған Университеттің қаражатын қайтаруы туралы шешім қабылдайды.

8.4. Постдокторант мемлекеттік қызметке ауысыуына немесе денсаулық жағдайына байланысы (дәрігерлік-консультациялық комиссия берген анықтама ұсынылады) өз қалауы бойынша шартты бұзуға құқылы.

**«Абай атындағы
ҚазҰПУ» КеАҚ
Ректоры
Б. Тілепке**

«__» _____ 202__ г.

тел. _____

ӨТІНІШ

Сізден мені «Абай атындағы ҚазҰПУ» постдокторантура бағдарламасының стипендиясын тағайындау конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Постдокторантура туралы Ережемен, үміткерлерге қойылатын біліктілік сипаттамаларының талаптарымен таныстым және оларды орындауға міндеттенемін.

Мен ұсынған ақпараттың дұрыстығын, конкурсқа қатысушылардың талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ ҚР «Білім туралы» Заңының 51-бабының 1-тармағында және ҚР Еңбек кодексінің 26-бабында қамтылған педагогикалық қызметке тыйым салудың жоқтығын растаймын.

Қосымша: постдокторант бос орнына кандидаттың сауалнамасы және басқа құжаттары ___ бетте тіркелген.

Аты-жөні

Күні, қолы

**Постдокторанттың 202 __ жылғы атқарған жұмысы туралы
ЕСЕП**

Постдокторанттың аты-жөні: _____

№		Информация	
	ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК журналдарындағы мақалалар тізімі	Мақаланың атауы, бірлескен авторлар	DOI, сілтемесі, бағыты (педагогика, психология және т. б.)
1			
2			
3			
	Scopus базасындағы мақалалар тізімі	Мақаланың атауы, бірлескен авторлар	DOI, сілтемесі, бағыты (social sciences, education, pedagogy, psychologyetc.)
1			
2			
3			
	WoS базасындағы мақалалар тізімі	Мақаланың атауы, бірлескен авторлар	DOI, сілтемесі, бағыты (socialsciences, education, pedagogy, psychologyetc.)
1			
2			
3			
	Жоба жетекшісі/ орындаушысы	Жоба атауы (шифр), жүзеге асыру жылдары	Міндеті (жетекші / орындаушы)
1			
2			
3			

Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша қосымша ақпараттар:

—

**Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары /
Индивидуальный план работы постдокторанта**

**I. Ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыс /
Научно-исследовательская (экспериментально-исследовательская) работа**

Тақырыбы (3 тілде) /Тема (на трех языках):

Өзектілігі /Актуальность:

Мақсаты / Цель:

Зерттеу міндеттері /Задачи исследования:

Зерттеу нысаны мен пәні / Объект и предмет исследования:

Зерттеу әдістері мен әдістемелері/ Методы и методика исследования:

Ғылыми жаңалығы / Новизна работы:

Күтілетін нәтиже / Ожидаемые результаты:

**II. Ғылыми-зерттеу жұмысының бағдарламасы /
Программа научно-исследовательской работы**

№	Жұмыстың түрі / Вид работы	Орындау мерзімі / Период выполнения	Есеп түрі / Форма отчетности
1.			
2.			
3.			

III. Жарияланымдар жоспары / План публикаций

№	Мақала атауы / Название публикации	Басылым атауы (мемлекеті және қаласы көрсетілуі тиіс) / Издание, с указанием страны и города	Орындау мерзімі / Сроки выполнения	Ескерту (қосалқы авторлар) / Примечание (соавторы)
1.				
2.				

IV. Ғылыми іс-шаралар жоспары / План научных мероприятий

№	Тақырыбы/ Тема	Мерзімі /Срок	Ескерту/ Примечание
1.			

Постдокторант _____ «__» _____ 202_ ж./г.

Ғылыми кеңесші /

Научный консультант _____ «__» _____ 202_ ж./г.